

Еуропалық валюта одағы елдерінің валюталарын еуроға ауыстыруына Қазақстан Республикасының экономикасын дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 қараша N 1435

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Еуропалық валюта одағы елдерінің валюталарын еуроға ауыстыруына Қазақстан Республикасының экономикасын дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) тоқсанына

бір рет есептіден кейінгі айдың оны күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспар іс-шараларының өткен тоқсандағы орындалуы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 10 қарашадағы
N 1435 қаулысымен
бекітілген

Еуропалық валюта одағы елдерінің валюталарын еуроға ауыстыруына
Қазақстан Республикасының экономикасын дайындау жөніндегі
ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

р/с! Іс-шара ! Орындалуына ! Аяқталу нысаны ! Орындалу
N ! ! жауаптылар ! ! мерзімі

1! 2 ! 3 ! 4 ! 5

1. Экономика субъектілерінің қолма-қол еуроны енгізу тәртібі

туралы хабардар болу деңгейін арттыру

1.1 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк Конференциялар, 2001 жылғы халқымен және заңды (келісім жарияланымдар, IV тоқсан - тұлғаларымен Еуропалық бойынша), теледидардағы 2002 жылғы валюта одағы елдерінің МАКМ ақпараттық-білім IV тоқсан валюталарын қолма-қол беру бағдарламалары еуроға ауыстыруды жүзеге және басқалары. асыру тәртібі жөніндегі және қолма-қол еуроға қатысты құқықтық нормалармен белсенді ақпараттық жұмысты жүзеге асыру.

1.2 Еуропалық валюта одағы Ұлттық Банк Үкіметке есептер Тоқсан сайын елдеріндегі және АҚШ-тағы (келісім экономикалық жағдайға бойынша) (пайыздық ставканың серпініне, валюталардың бағамдық ара қатынасына), сондай-ақ әлемдік тауар рыноктарындағы жағдайға мониторингті жүзеге асыру.

1.3 Қолма-қол еуроны енгізу Ұлттық Банк Семинарлар, Тоқсан сайын жөніндегі іс-шараларды (келісім конференциялар, жүзеге асыру барысы мен бойынша) жарияланымдар тәртібі, сондай-ақ қолма-қол еуроның дизайны мен оны қорғау дәрежесі туралы ақпаратты алу мақсатында Еуропа Орталық Банкімен тығыз байланыстарды үзбеу.

2. Банк жүйесін еуроны енгізуге дайындау

2.1 Еуропалық валюта одағы Ұлттық Банк Нормативтік 2001 жылғы елдерінің банкноттары мен (келісім құқықтық кесім IV тоқсан

металл ақшаларын Қазақстан бойынша)
Республикасының аумағында,
сондай-ақ Еуропалық валюта
одағы елдерінің валютасымен
ашылған банктік шоттардағы
қалдықтарды уәкілетті
банктер және банктік
операциялардың жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын
уәкілетті ұйымдар арқылы
еуроға ауыстыру тәртібін
әзірлеу.

2.2 Қазақстанның Ұлттық Банкі Ұлттық Банк Шетелдік және/ 2002 жылдың
филиалдарының кассаларын. (келісім немесе I жарты
дағы Еуропалық валюта бойынша) қазақстандық жылдығы
одағына қатысушы елдердің банктермен
қолма-қол валютасын қолма-қол
шетелдік немесе қазақстан. шетелдік валюта
дық банктер арқылы, инкассосына
сондай-ақ Еуропалық валюта (жеткізуге)
одағы елдерінің ИМ, ҰҚК, арналған шарттар
МКМ Кеден комитетінің және (келісім-шарттар)
салық органдарының
кассаларындағы тәркіленген
валютасын ауыстыруды
қамтамасыз ету.

2.3 Қазақстанның Ұлттық Банкі Ұлттық Банк Шетелдік және/ Тоқсан сайын
филиалдарының және басқа (келісім немесе
да мемлекеттік органдардың бойынша) қазақстандық
кассаларын іссапар және банктермен
өзге де шығыстар үшін қолма-қол
қолма-қол еуромен нығайтуды шетелдік
қамтамасыз ету. валюта
инкассосына
(жеткізуге)
арналған шарттар
(келісім-шарттар)

3. Нақты секторды дайындау

3.1 Сыртқы экономикалық қызмет Ұлттық Банк Ұлттық Банктің 2001 жылғы қатысушыларына Еуропалық (келісім және МКМ-нің IV тоқсан валюта одағы елдерінің бойынша) бірлескен хаты валютасында жасалған экспорттық-импорттық келісім-шарттар бойынша мәмілелер паспорттарына өзгерістер енгізу тәртібі туралы ұсыныстарды әзірлеу.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.